

"Мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13186 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 188 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.06.2020 № 188 (алғашқы ресми жарияланган күнінен кейін күнтізбелік жырма бір күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - ның ескертпесі !

**Бұйрық 01.03.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

"Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 17 қарашадағы Заңының 1-бабы 25-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11238 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген "Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартының:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетіletіn қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру (бұдан әрі – лицензия) – 15 (он бес) жұмыс күні;

қайта ресімделген лицензияны беру – 3 (үш) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің аяқталуына бір күн қалғанда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды;";

8-тармақтың 2) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.";

9-тармақтың:

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мемлекеттік корпорацияға:";

3) тармақшаның жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктері мынандай редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкери құжаттардың электрондық көшірмелерін алып, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға көрі қайтарады және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қолхат негізінде (немесе сенімді өкілі: құжат бойынша өкілеттілік берілген заңды тұлға; нотариалды рәсімделген куәлігі бойынша жеке тұлға) береді.

Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет нәтижесін бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін, Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік қызметті көрсетудің дайын нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды." ;

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын

толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді";

3 бөлім атауы мынадай редакцияда жазылсын:

3. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақтың:

бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші бөліктегі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация қызметкері дүрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация филиалының, бөлімінің басшысының атына [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлары мен телефондары арқылы беріледі.

Мемлекеттік корпорациясына қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымы қабылданғанын растау оның тіркелгені (шағымның екінші нұсқасында немесе қосымша ұсыныс хатқа мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні енгізілуі) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорация мекенжайына келіп түскен шағымы оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауабы көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорация кеңсесінде қолма-қол беріледі.";

сегізінші бөлік алып тасталсын;

4 бөлім атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Организм функцияларының тұрақтылығы бұзылған, толық және ішінара қабілетінен немесе өзіне-өзі қызмет көрсете, өздігінен жүруді жүзеге асыру, бағдарлау мүмкіндігінен айырылған қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсете үшін құжаттарды қабылдау бірынғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгініп, түрғылықты жеріне шығумен Мемлекеттік корпорация қызметкерлері жүргізеді.";

14-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мемлекеттік корпорацияның – [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында;";

6-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәланырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін елтаңбалы мөрмен куәланырылған қағаз данасын қоса бере отырып осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәланырылған электрондық түрдегі осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жариялануынан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Зан қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылдың 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт

министрі

А. Мұхамедиұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің  
міндеттін атқарушы

Ж. Қасымбек

2016 жылғы 27 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2016 жылғы 2 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрінің  
2016 жылғы 25 қантардағы  
№ 12 бұйрығына  
косымша

"Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі  
археологиялық және (немесе)  
ғылыми-реставрациялық жұмыстарды  
жүзеге  
асыру жөніндегі қызметке лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына  
6-қосымша

Нысан

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),  
көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)

---

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

## **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" филиалының №\_\_ белімі (мекенжайы көрсетілсін) "Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауызызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) \_\_\_\_\_ .

ұсынбауызызға байланысты бас тартады.

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Қызметкер: \_\_\_\_\_

---

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

Алды: \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының (қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК